ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 ақпан іс №4360-24-00-2/30 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы Ғ.Б.Қуанышбаеваның қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мустафаева Сания» атауымен әрекет етуші Мустафаева Сания Еликовна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы,
Талап қоюшының өкілі Ф.Шегебаев,
Жауапкер С.Мустафаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 28 қарашада талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №266 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 899 900 теңгеге кеңсе орындықтарын шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 4 желтоқсан 2023 жылы тіркелген.

Сәйкесінше, жауапкер шарт бойынша тауарды 2023 жылдың 24 желтоқсанына дейін жеткізуге тиіс болған.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 16.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және төрт күнге 7600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Ф.Шегебаев талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, тауарды жеткізбегенін, казіргі таңда шарт бұзылғанын, шарттың қолдану мерзімі аяқталғанын, казіргі кезде тауарды қабылдай алмайтынын, мекеменің шотында тауарды қабылдап, төлеуге қаражаты жоқ екенін, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер С.Мустафаева талап қоюмен келіспей, өз түсінігінде өзі қытайдан орындықтарды алып келгенін, ол жай орындық емес екенін, кресло орындық екенін, казіргі таңда тауарды алып келгенін, бірақтан талап қоюшы тарапы қабылдамай тұрғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған 2023 жылғы 28 қарашадағы №266 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша жауапкер жалпы сомасы 1 899 900 теңгеге кеңсе

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 16.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024
4360-23-3-1/3605

орындықтарын 2023 жылдың 24 желтоқсанына дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, жауапкер шарт талаптарына сай тауарды 2023 жылдың 24 желтоқсанына дейін жеткізбеген.

Жауапкер аталған шарттың техникалық ерекшелігіне сай келетін тауарды Қытай Республикасынан 2024 жылдың қаңтар айында алып келгенін, бірақтан казіргі таңда тауарды талап қоюшы қабылдамай отырғанын көрсеткен.

Талап қоюшы шарттың қолдану мерзімі аяқталғанын, оның үстіне шарт бұзылғанын көрсетіп, тауарды қабылдай алмайтынын көрсеткен.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарт талаптарына сай келетін тауарды шартта көрсетілген мерзімде жеткізбегендігі анықталады.

Яғни, жауапкер тарапынан шарт талаптарын тиісінше орындамау фактісі анықталған.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда жүгінген.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өндіріп алатыны бекітілген.

Талап қоюшы төрт күнге 7600 теңге тұрақсыздық айып есептеген.

Сот талап қоюшының есебімен келіседі.

Бұндай жағдайда жауапкерден 7600 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1953 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 16.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024

4360-23-3-1/3605

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Мустафаева Сания» атауымен әрекет етуші Мустафаева Сания Еликовна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мустафаева Сания» атауымен әрекет етуші Мустафаева Сания Еликовна жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Мустафаева Сания» атауымен әрекет етуші Мустафаева Сания Еликовна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 7600(жеті мың алты жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және сот шығыны 1953(бір мың тоғыз жүз елу үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 16.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024

4360-23-3-1/3605